

Сәулет, қала құрылысы және құрылыс
саласындағы мемлекеттік нормативтер
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫС НОРМАЛАРЫ

Государственные нормативы в области архитектуры,
градостроительства и строительства
СТРОИТЕЛЬНЫЕ НОРМЫ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

**БІР ПӘТЕРЛІК ТҰРҒЫН ҮЙЛЕР
ҒИМАРАТТАРЫ МЕН ОЛАРДЫҢ ИНЖЕНЕРЛІК
ЖҮЙЕЛЕРІН ЖОБАЛАУ**

**ПРОЕКТИРОВАНИЕ ОДНОКВАРТИРНЫХ
ЖИЛЫХ ДОМОВ И ИХ ИНЖЕНЕРНЫХ
СИСТЕМ**

**ҚР ҚН 3.02-02-2023
СН РК 3.02-02-2023**

Ресми басылым
Издание официальное

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму
министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық
істері комитеті

Комитет по делам строительства и жилищно-коммунального
хозяйства Министерства индустрии и инфраструктурного развития
Республики Казахстан

Астана 2023

АЛҒЫ СӨЗ

- | | |
|--|--|
| 1 ӘЗІРЛЕГЕН | «ҚазҚСҒЗИ» АҚ |
| 2 ҰСЫНҒАН | Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің Техникалық реттеу және нормалау басқармасы |
| 3 МІНДЕТТІ НЕГІЗДЕ ҚОЛДАНУ ҮШІН БЕКІТІЛІП, ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ | Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің 2023 жылғы 16 маусымдағы № 105-НҚ бұйрығымен 2023 жылғы 16 маусымнан бастап |
| 4 ОРНЫНА | ҚР ҚН 3.02-02-2018 |

ПРЕДИСЛОВИЕ

- | | |
|--|--|
| 1 РАЗРАБОТАН | АО «КазНИИСА» |
| 2 ПРЕДСТАВЛЕН | Управлением технического регулирования и нормирования Комитета по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства Министерства индустрии и инфраструктурного развития Республики Казахстан |
| 3 УТВЕРЖДЕН И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ ДЛЯ ПРИМЕНЕНИЯ НА ОБЯЗАТЕЛЬНОЙ ОСНОВЕ | Приказом Комитета по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства Министерства индустрии и инфраструктурного развития Республики Казахстан от 16 июня 2023 года №105-НҚ с 16 июня 2023 года |
| 4 ВЗАМЕН | СН РК 3.02-02-2018 |

Осы мемлекеттік нормативті Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органының рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толық немесе ішінара қайта басуға, көбейтуге және таратуға болмайды.

Настоящий государственный норматив не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения уполномоченного государственного органа по делам архитектуры, градостроительства и строительства Республики Казахстан.

МАЗМҰНЫ

1 ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ.....	1
2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР.....	1
3 ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР.....	2
4 ҚҰРЫЛЫС НОРМАЛАРЫНЫҢ НОРМАТИВТІК ТАЛАПТАРЫНЫҢ МАҚСАТТАРЫ ЖӘНЕ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ ТАЛАПТАРЫ.....	3
4.1 Құрылыс нормалары нормативтік талаптарының мақсаттары.....	3
4.2 Құрылыс нормаларының функционалдық талаптары.....	3
5 ЖОБАЛАУ ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫС БАРЫСЫНДАҒЫ ЖҰМЫС СИПАТТАМАЛАРЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР.....	4
5.1 Жалпы ережелер.....	4
5.2 Конструкциялардың тіреу қабілеті мен сенімділігіне қатысты талаптар.....	4
5.3 Өрт қауіпсіздігіне қатысты талаптар.....	5
5.4 Аумақты жоспарлауға қойылатын талаптар.....	6
6 КӨЛЕМДІК-ЖОСПАРЛАУ ШЕШІМДЕРГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР.....	7
6.1 Жалпы ережелер.....	7
6.2 Қосалқы үй-жайлар.....	8
7 САНИТАРИЯЛЫҚ-ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ ТАЛАПТАРДЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ.....	8
8 ИНЖЕНЕРЛІК ЖҮЙЕЛЕР МЕН ЖАБДЫҚТАР.....	10
9 ХАЛЫҚТЫҢ ЖҮРІП-ТҰРУЫ ШЕКТЕУЛІ ТОПТАРЫНЫҢ ҚОЛЖЕТІМДІЛІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУГЕ ҚАТЫСТЫ ТАЛАПТАР.....	13
10 ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ.....	13
11 ЭНЕРГИЯНЫ ҮНЕМДЕУ МЕН ТАБИҒИ РЕСУРСТАРДЫ ҰТЫМДЫ ПАЙДАЛАНУҒА ҚАТЫСТЫ ТАЛАПТАР.....	14
11.1 Энергия тұтынуды үнемдеу.....	14
11.2 Табиғи ресурстарды тиімді пайдалану.....	14

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚҰРЫЛЫС НОРМАЛАРЫ**СТРОИТЕЛЬНЫЕ НОРМЫ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН****БІР ПӘТЕРЛІК ТҰРҒЫН ҮЙЛЕР МЕН ОЛАРДЫҢ ИНЖЕНЕРЛІК
ЖҮЙЕЛЕРІН ЖОБАЛАУ****ПРОЕКТИРОВАНИЕ ОДНОКВАРТИРНЫХ ЖИЛЫХ ДОМОВ И ИХ
ИНЖЕНЕРНЫХ СИСТЕМ***Енгізілген күні – 2023-06-16***1 ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ**

1.1 Осы құрылыс нормалары адамдардың тұрақты тұруына арналған бір пәтерлі тұрғын үйлерді және олардың инженерлік жүйелерін (бұдан әрі – үйлер) жобалау үшін жер учаскесін жоспарлауға, көлемдік-жоспарлау және конструктивтік шешімдеріне қойылатын талаптарды белгілейді.

1.2 Осы құрылыс нормалары қайтадан салынатын және қайта құрылатын немесе саны оннан аспайтын, оның әрқайсысы ойықтарыңыз іргелес блогымен (-тарымен) жалпы қабырғаға (жалпы қабырғаларға) ие, сондай-ақ жеке учаскесінде орналасқан және жалпы пайдаланылатын аумаққа (бұдан әрі – блокталған үйлер) шығатын жері бар бір отбасының тұруына арналған дербес болып табылатын бірнеше тұрғын үй құрамындағы бір пәтерлі тұрғын үйлерге қолданылады.

1.3 Осы құрылыс нормалары көппәтерлі тұрғын үй ғимараттарын жобалауға қолданылмайды.

2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы құрылыс нормаларын қолдану үшін мынадай Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне келесі сілтемелер қажет:

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" 2020 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасының Кодексі (бұдан әрі – Кодекс);

"Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі Заңы (бұдан әрі – Заң);

"Төменвольтті жабдықтар қауіпсіздігі туралы" Кеден одағының техникалық регламентін бекіту туралы" Кеден одағының 2011 жылғы 16 тамыздағы шешімі (бұдан әрі – "Төменвольтті жабдықтар қауіпсіздігі туралы" КК ТР);

"Электр қондырғыларын орнату қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 230 бұйрығы (бұдан әрі – ЭҚҚ);

"Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар" техникалық регламентін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2021 жылғы 17 тамыздағы № 405 бұйрығы (бұдан әрі – "Өрт қауіпсіздігіне қойлатын жалпы талаптар" ТР);

Ресми басылым

"Газбен жабдықтау жүйелері нысандарының қауіпсіздігіне қойылатын талаптарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2017 жылғы 9 қазандағы № 673 бұйрығы (бұдан әрі – Газбен жабдықтау жүйелері нысандарының қауіпсіздігіне қойылатын талаптар).

Ескертпе - Осы мемлекеттік нормативті пайдаланған кезде «Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы нормативтік құқықтық актілер мен нормативтік техникалық құжаттар тізбесі», «ҚР Ұлттық стандарттары мен ұлттық техникалық-экономикалық ақпарат жіктеуіштерінің каталогы» және «Мемлекетаралық стандарттар каталогы» ақпараттық каталогтары бойынша жыл сайын жасалатын анықтамалық құжаттардың қолданылуын ағымдағы жылғы жағдай бойынша және ай сайын шығарылатын тиісті ақпараттық бюллетеньдерге - ағымдағы жылы жарияланған стандарттардың журналдары мен ақпараттық көрсеткіштері бойынша тексерген орынды. Егер сілтемелік құжат ауыстырылған (өзгертілген) болса, онда осы нормативті пайдаланған кезде ауыстырылған (өзгертілген) стандартты басшылыққа алған жөн, егер сілтемелік құжат ауыстырусыз жойылған болса, онда оған сілтеме берілген ереже осы сілтемені қозғамайтын бөлігінде қолданылады.

3 ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

Осы құрылыс нормаларында келесі терминдер және оған сәйкес анықтамалар қолданылады:

3.1 Бір пәтерлі тұрғын үй: Бір пәтерді және қажет жағдайда қосымша тұрғын үйді, қосалқы бөлмелерді, шаруашылық үй-жайды, сондай-ақ жеке еңбек қызметіне арналған қоғамдық мақсаттағы үй-жайды қамтитын тұрғын үй.

3.2 Бірінші қабат: Үйдің төменгі жерүсті қабаты;

3.3 Дербес тұрғын үй блогы:

өзге тұрғын блоктары үй-жайларының үстінде орналасқан үй-жайы жоқ;

өзге тұрғын блоктармен, ортақ кіретін жерлері, қосалқы үй-жайлары, шатырлары, үй асты қоймалары, коммуникациялық шахталары жоқ;

жылыту мен желдетудің дербес жүйелері, сондай-ақ сырттан кіретін жеке жері және орталықтандырылған инженерлік жүйелердің сыртқы желілеріне қосылатын жері бар тұрғын блок;

3.4 Жерүсті қабаты: Жердің жоспарлау белгісінен төмен емес үй-жай едені белгісіндегі қабат;

3.5 Жертөле қабаты: Үй-жайдың немесе бірінші жерасты қабаты биіктігінің жартысына қарағанда жердің жобалау белгісінен төмен үй-жай едені белгісіндегі қабат;

3.6 Қоғамдық мақсаттағы үй-жай: Үйде тұратын адамдардың жеке еңбек қызметіне арналған тұрғын үйге жалғаса салынған немесе оған қоса салынған үй-жай;

3.7 Қабат: Жабынның үстіңгі жағының немесе жер еденінің және олардың үстінде орналасқан жабынның үстіңгі жағының арасындағы үй бөлігі;

3.8 Блокталған тұрғын үй: Осы құжатта блокталған үй ретінде екі немесе одан көп бір-біріне қоса салынған дербес тұрғын үй блогынан тұратын, олардың әрқайсысында пәтердің алдындағы учаскеге тікелей шығатын есігі бар блокталған үй;

3.9 Пәтер алдындағы учаске: Оған тікелей шығатын есігі бар тұрғын үйге жалғасқан жер учаскесі;

3.10 Үй-жай: Белгілі бір функционалдық мақсаты мен шектеулі құрылыс конструкциялары бар үйдің ішкі кеңістігі;

Ескертпе – Әртүрлі үй-жайдың мақсатын сипаттайтын терминдер (мысалы, жатын бөлме, ас бөлмесі, жуыну бөлмесі, дәліз, қойма және басқалар) жалпы қабылданған болып табылады және осы құжатта келтірілмейді. Үй-жайдың мақсаты үй жобасында көрсетіледі.

3.11 Цокольдық қабат: Үй-жай биіктігінің жатысынан аспайтын биіктіктегі жердің жоспарлу белгісінен төмен үй-жайі едені белгісіндегі қабат.

4 ҚҰРЫЛЫС НОРМАЛАРЫНЫҢ НОРМАТИВТІК ТАЛАПТАРЫНЫҢ МАҚСАТТАРЫ ЖӘНЕ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ ТАЛАПТАРЫ

4.1 Құрылыс нормалары нормативтік талаптарының мақсаттары

4.1.1 Осы нормативтік талаптардың мақсаттары адамдардың өмірі мен денсаулығын, мүліктерді сақтау үшін бір пәтерлі тұрғын үйлердің және олардың инженерлік жүйелерінің өмірлік циклінің барлық сатыларында қауіпсіздігін, тіреу конструкцияларының беріктігін қамтамасыз ету, өрт ошағының туындау мен тарау ықтималдығының алдын алу, сондай-ақ өмір тіршілігі, энергетикалық тиімділік пен ресурсты үнемдеуді қамтамасыз ету есебімен тұруға қолайлы жағдайлар жасау болып табылады.

4.2 Құрылыс нормаларының функционалдық талаптары

4.2.1 Бір пәтерлі үйлерде ғимаратты пайдалану барысында адамдардың тұруына оңтайлы көлемдік-жоспарлау шешімдерді қабылдау, аумақты абаттандыру және санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды сақтау есебімен тұрғындардың өмірі мен денсаулығына қауіптің туындауына жол бермеуді қамтамасыз ете отырып, қолайлы жағдайлар жасалады.

4.2.2 Үйлер мен инженерлік жүйелер орнықтылық пен механикалық беріктікті қамтамасыз ете отырып, тіреу конструкцияларға түсетін болжамдық жүктемелер үйлесімінің әсері есебімен жобаланады және салынады.

4.2.3 Өрттің туындауының алдын алу мақсатында үйлерді өрттің таралуын ескеру және алдын алу, халықтың мүмкіндігі шектеулі топтарын қоса алғанда, адамдарды қауіпсіз эвакуациялауды ұйымдастыру шаралары есебімен жобаланады.

4.2.4 Үйлер жер сілкіну және басқа да табиғи-техногендік оқиғалар кезінде тіреу конструкциялардың механикалық беріктігі мен орнықтылығы қамтамасыз етілетіндей етіп салынады.

4.2.5 Қажет жағдайда мүмкіндігі шектеулі адамдардың келуіне қолжетімділік пен жайлылық жағдайын жасау есебімен үйлерді және олардың инженерлік жүйелерін жобалау мен салу жүзеге асырылады.

4.2.6 Инженерлік жүйелер объектіні салу және пайдалану кезінде энергетикалық және табиғи ресурстардың барынша аз шығындалуын қамтамасыз ететіндей етіп жобаланады.

4.2.7 . Кәріз және сумен қамтамасыз етудің инженерлік жүйелері топырақтың және қоршаған ортаның ластануына, үй-жайға судың енуіне және қабырғаның ішкі беттерінде және конструкцияда сұйықтықтың түзілуіне жол бермеуі тиіс.

4.2.8 Үйлер және олардың инженерлік жүйелері құрылыс аймағы мен жергілікті табиғи ресурстарды тиімді пайдалану есебімен жобаланады.

4.2.9 Үйлер табиғи ландшафт пен қоршаған ортаның барынша ықтимал сақталуы есебімен жобаланады және салынады.

5 ЖОБАЛАУ ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫС БАРЫСЫНДАҒЫ ЖҰМЫС СИПАТТАМАЛАРЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

5.1 Жалпы ережелер

5.1.1 Үйлерді жобалау және салу кезінде Заңның 20-бабының 23-16) тармақшасына сәйкес бекітілетін сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы басқа да мемлекеттік нормативтердің (бұдан әрі – сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтер) талаптарына сәйкес орындалады талаптары сақталады.

5.1.2 Үйде және жер учаскесінде рұқсатсыз басып кіруден қорғайтын тиісті іс-шаралар көзделінеді.

5.1.3 Үйлерді жобалау және олардың құрылысы осы құрылыс нормаларының және сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтер талаптарына сәйкес орындалады.

5.1.4 Үйлер мен шаруашылық құрылыстарды жер учаскесінде орналастыру, олардан іргелес учаскедегі құрылысқа дейінгі қашықтық, сондай-ақ қоғамдық мақсаттағы, оның ішінде иенің жеке кәсіпкерлік қызметіне байланысты үй-жайларға қоса салынған жалғаса салынған үй-жайдың құрамы, мақсаты мен ауданы сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтердің талаптарына, сондай-ақ іргелес үйлер (тұрғын блоктар) тұрғындарының құқықтарын қорғайтын заңнамалардан туындайтын талаптарға сәйкес жүзеге асырылады.

5.2 Конструкциялардың тіреу қабілеті мен сенімділігіне қатысты талаптар

5.2.1 Үйдің негізі мен тіреу конструкциялары оның құрылысы барысында және пайдаланудың есептік жағдайларында:

1) үйді пайдалануды тоқтату қажеттілігіне әкелетін конструкциялардың қирауы немесе зақымдануы;

2) өзгеруі мен жарылулардың пайда болуы нәтижесінде жалпы конструкциялар мен үйді пайдалану қасиеттерінің төмендеу мүмкіндігі орын алмайтындай етіп жобаланады және салынады.

5.2.2 Үйдің конструкциялары мен негізі келесідей жүктемелер мен әсерлердің:

1) тіреу және қоршау конструкцияларының өзіндік салмағынан туындайтын тұрақты жүктемелер;

2) жабынға уақытша біркелкі таратылған және жинақталған жүктемелер;

3) құрылыстың осы ауданындағы қар мен желден туындайтын салмақтар әсеріне есептелуі тиіс.

5.2.3 Өңделіп жатқан аумақтарда, шөкпе топырақтарда, сейсмикалық аудандарда, сондай-ақ басқа да геологиялық күрделі жағдайларда үйлерді орналастыру кезінде тиісті сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтердің қосымша талаптары ескеріледі.

5.2.4 Үйлердің іргетастары топырақтың физикалық-механикалық сипаттамалары, құрылыс алаңындағы гидрогеологиялық режимнің сипаттамалары, сондай-ақ іргетастарға және жерасты инженерлік желілерге қатысты топырақ пен жерасты суларының жебірлігінің деңгейлері және үй элементтерінің астындағы негіз шөгіндісінің қажетті біркелкілігін қамтамсыз ету есебімен сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтердің талаптары бойынша жобаланады.

5.2.5 Үйдің беріктігін, сенімділігін, орнықтылығын және жалпы үйдің қызмет ету мерзімін анықтайтын үйдің тіреу конструкциялары сәулет, қала құрылысы және құрылыс

саласындағы мемлекеттік нормативтердің талаптарына сәйкес жол берілген шекте өзіндік ерекшеліктерін сақтайтындай етіп жобаланады.

5.2.6 Жөндеу аралық мерзімді тиісті ұлғайту немесе азайту кезінде аз-көп ұзаққа шыдайтын элементтерді, материалдар мен жабдықтарды қолдану туралы шешім техникалық-экономикалық есептермен қабылданады.

5.2.7 Конструкциялар мен бөлшектер қолданыстағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтерге сәйкес ылғалдың, төмен температураның, агрессивтік ортаның, биологиялық және басқа да қолайсыз факторлардың ықтимал әсеріне төзімділік қасиетіне ие материалдардан жасалынады. Қолданыстағы стандарттар талаптарына сәйкес қажетті қорғаныс құрамы мен жабындар ұсынылады.

5.2.8 Құрама элементтерінің түйіспелі қосылыстары және қабатты конструкциялар негіздің әрқелкі шөгіндісі немесе басқа да пайдалану әсерлері кезінде туындаған температуралық-ылғалдылық өзгеру мен күш түсу әсеріне есептелінеді. Түйіспе жерлерде қолданылатын тығыздаушы және бітеуші материалдар қолайсыз температуралар мен сулану әсерлерінде серпімділік және адгезиялы қасиеттерін сақтауы және ультракүлгін сәулелерге төзімді болуы тиіс. Бітеу материалдары конструкцияның қорғау және қорғау-декоративтік жабынымен олардың түйіскен жерлерінде үйлескен түрінде қолданылады.

5.2.9 Үйлердің құрылысы кезінде тексеру, техникалық қызмет көрсету, жөндеу мен ауыстыру жұмыстары үшін жабдықтарға, арматураға және инженерлік жүйелер аспаптарына қолжетімділік мүмкіндігі қамтамасыз етіледі.

5.2.10 Адамдардың құлау жағдайының алдын алу үшін баспалдақтардың, балкондардың, лоджиялардың, террасалардың, төбежабындыларының және басқа да қауіпті биіктік (деңгей) алмасуы жерлеріндегі қоршау конструкциялары берік және сенімді болып қабылданады.

5.3 Өрт қауіпсіздігіне қатысты талаптар

5.3.1 Бір пәтерлі тұрғын үйлерді жобалау барысында "Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар" ТР талаптары ескеріледі.

5.3.2 Бір пәтерлі тұрғын үйлер "Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар" ТР талаптарына сәйкес функционалдық өрт қауіптілігінің Ф1.4 сыныбына жатады.

5.3.3 Үйлердің, сондай-ақ басқа құрылыстардың арасындағы өртке қарсы қашықтықтар "Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар" ТР талаптарына сәйкес қабылданады.

Тұрғын үйдің әрбір жер учаскесінде жеңіл көлікке арналған өтпе жол қарастырылады. Өрт сөндіру автокөліктеріне арналған өтпе жолдар "Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар" ТР талаптарына сәйкес қамтамасыз етіледі.

5.3.4 Іргелес орналасқан тұрғын блоктар өртке қарсы қабырғалармен бөлінеді.

5.3.5 Дербес эвакуациялық шығаберіс үй тұрғындарының жеке кәсіпкерлік қызметіне байланысты қоғамдық мақсаттағы үй-жайларға, сондай-ақ, егер оларда газ тәрізді немесе сұйық отындағы жылу генераторын орналастырған және (немесе) осындай отынды сақтаған жағдайдағы жертөлелік үй-жайға немесе цокольдық қабаттарға орналастырылады.

5.3.6 Үйдің екі қабат биіктігіндегі ішкі ашық, бұрама және айналма сатылары бар баспалдақтар эвакуациялық баспадақтар ретінде қолданылады, бұл ретте баспалдақтардың отқа төзімділік шегі мен өрт қауіптілік сыныбы, сондай-ақ оның ені мен еңісі регламенттелінбейді.

5.3.7 Блокталған үйлерді жобалау және оның құрылысын салу кезінде оттың іргелес тұрғын үй блоктарына және өртке қарсы кедергілерді қоспағандағы өрт бөліктеріне таралуын болдырмау үшін шаралар қолданылады.

Өртке қарсы қабырға мен төбежабындысы арасындағы, сондай-ақ өртке қарсы қабырға мен қабырға қаптамасы арасындағы саңылаулар өртке қарсы қабырғаның барлық қалыңдығы бойынша жанбайтын материалмен тығыз толтырылуы шартымен тұрғын үй блоктарын бөлетін өртке қарсы қабырғалар төбежабындысын және сыртқы қабырға қаптамасын кесіп өтпеуі мүмкін.

5.3.8 Көлікжай мен тұрғын үй-жайының арасындағы есік өздігінен жабылуға арналған құрылғымен кіреберістерде тығыздалады және ол ұйықтайтын үй-жайға шықпауы тиіс.

5.3.9 Үйдің құрылыс конструкциялары жанудың жасырын таралуына мүмкіндік туғызбауы тиіс.

5.3.10 Тұрғын үй-жайлар Қазақстан Республикасы аумағында қолданылатын өрт қауіпсіздігі бойынша нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес келетін дербес оптикалық-электрондық түтіндік өрт хабарлағыштармен жабдықталады.

5.3.11 Жылу генераторлары, оның ішінде қатты отынды пештер мен каминдер, пісіру плиталары және мұржалар сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтердің талаптарына сәйкес үйдің өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ететін конструктивтік шешімді жүзеге асыра отырып, жасалынады. Зауытта жасалған жылу генераторлары және пісіру плиталары өндіруші кәсіпорын нұсқаулықтарында мазмұндалған қауіпсіздік талаптары есебімен де орнатылады.

5.3.12 Зауытта жасалған газ каминдері қабылданады. Жану өнімдерін шығару түтіндіктерде жүзеге асырылады. Каминдерді орналастыру және олардың қауіпсіздігі автоматикасының газ жанғыш құрылғыларымен жабдықталуы өндіруші кәсіпорын нұсқаулықтарында көрсетілген талаптарға сәйкес жүзеге асырылады.

5.3.13 Электр қондырғылар "Төменвольтті жабдықтардың қауіпсіздігі туралы" КК ТР, ЭҚҚ талаптары бойынша және осы тармақтың ережелері есебімен қабылданады.

Құрылыс конструкцияларының тікелей бетінде немесе солардың ішінде жасырын монтаждалатын электр сымдар жүйесі кабельмен немесе жануды таратпайтын қабығы бар оқшауланған сымдармен орындалады.

5.3.14 Үйлерді жобалау және құрылысын салу барысында "Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар" ТР талаптарына сәйкес сыртқы өрт сөндіру үшін сумен жабдықтау жөніндегі талаптар ескеріледі. Өртке қарсы сумен жабдықтаудың сыртқы су құбыр желілері болмаған жағдайда, табиғи су көздері қолданылады немесе өрт су қоймалары орнатылады.

5.4 Аумақты жоспарлауға қойылатын талаптар

5.4.1 Үйдің аумағын келесідей аймақтарға бөлуге рұқсат етіледі:

- 1) демалу және спортпен шұғылдану;
- 2) шаруашылық аймақ;
- 3) гүл өсіру және бау-бақша шаруашылығы аймағы (жер учаскесінің көлеміне және тапсырыс берушінің қалауына байланысты).

Бұл ретте аймақтар арасындағы функционалды өзара байланыстың және оларға тұрғын үйден қол жетімділіктің, сондай-ақ көлікжай мен оның кіреберінің (мүмкіндігінше құрылыстың негізгі объектілермен қиысылуын болдырмау есебімен) орынды орналасуының қамтамасыз етілуі қажет.

5.4.2 Шаруашылық құрылыстар және қоқыс жинау мен сақтау орындары жалпыға көрінбейтіндей етіп жобаланады.

5.4.3 Жер учаскесін жобалау кезінде жер бедерінің күрделілігі ескеріледі.

5.4.4 Аумақты абаттандыру кезінде бар жасыл желектер қолданылады.

5.4.5 Жер учаскесін қоршауда қолданылатын материалдар берік және сенімді болады.

5.4.6 Жер учаскесінің ландшафтында тіреуші қабырғаларды барынша аз пайдалану қарастырылады.

5.4.7 Пәтер маңындағы учаскеде сыртқы жарықтандыруды орнату барысында көрші құрылыстарда және өтпе жолда шағылысудың туындауы рұқсат етілмейді.

5.4.8 Аумақ учаскесінде автокөліктерге арналған автотұрақ аймағы қамтамасыз етіледі.

6 КӨЛЕМДІК-ЖОСПАРЛАУ ШЕШІМДЕРГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

6.1 Жалпы ережелер

6.1.1 Үй сәулеті мен жоспарлау жөніндегі шешім тандалған аймақта учаскенің орналастырылуы, оның көлемі және үй типімен, көлемімен, пішінімен шартталған жер бедері есебімен қабылданады.

6.1.2 Үйдің сәулет-жоспарлау қасиетін анықтайтын талаптар:

- 1) функционалдық аймақтарға бөлу және үй-жай арасындағы байланыс;
- 2) бөлме үйлесімі мен олардың көлемдері;
- 3) қажетті табиғи жарықтандыру мен инсоляция;
- 4) ғимараттың жылулық қорғауы және басқалар болып бөлінеді.

6.1.3 Үй-жайдың биіктігі үй-жай мақсатына және төбе еңісіне қарай қабылданады.

6.1.4 Баспалдақ маршының және пандустардың еңісі мен ені, саты биіктігі, баспалдақ бетінің ені, баспалдақ алаңшасының ені, баспалдақ, жертөле, пайдаланатын шатыр бойымен өтетін жердің биіктігі, еден деңгейлерінің айырмасы, сондай-ақ есік ойықтарының көлемі ыңғайлылық, қауіпсіз қозғалу және үйдің үй-іші заттары мен жабдықтарын жылжыту мүмкіндігі қамтамасыз етілетіндей етіп жобаланады.

Қажет болған жағдайда тұтқалар көзделінеді.

6.1.5 Үй элементтерінің конструктивтік шешімдерінде (оның ішінде қуыстардың орналасуы, конструкция арқылы құбырларды өткізетін жерлерді бекіту әдістері, желдету саңылауларын орнату және жылу оқшаулауды орналастыру және әрі қарай) кеміргіштердің еніп кетуінен қорғану қарастырылады.

6.1.6 Тұрмыстық газ жабдығымен жабдықталған ас бөлмелері желдету үшін орналасу күйінің бекітілуін қамтамасыз ететін аспаптармен жабдықталған терезенің ашпалы көздері, фрамугалар немесе терезелердің жармасы немесе таза сыртқа ауаның тұрақты келуін қамтамасыз ететін клапандар арқылы келетін таза ауамен қамтамасыз етіледі.

6.1.7 Санитариялық торапқа кіреберісті тұрғын үй-жайдан тікелей орнатуға жол беріледі.

6.1.8 Бір пәтерлі тұрғын үйлер мен қоғамдық мақсаттағы үй-жайлардағы кіреберіс есіктері сыртқа қарай ашылатындай етіп күшейтілген болып қабылданады.

6.1.9 Балкондарды (лоджияларды) орналастыру кезінде үй-жайды пайдаланудың қолайлығы мен қауіпсіздігі қамтамасыз етіледі.

6.1.10 Үйді сыртынан әрлеу үшін жылудың жоғалуына кедергі келтіретін материалдар қолданылады.

6.1.11 Бір деңгейден жоғары үйді жобалаған кезде жалпы үйлесімді түрі қарастырылады.

6.1.12 Қолданыстағы бірінші деңгейдегі үйдің үстіне екінші деңгейдегі үйді салған кезде өтпе жолдар мен өткелдердің үстіне жоғарғы қабаттың көлемді бөліктерінің ілініп тұруына жол берілмейді.

6.2 Қосалқы үй-жайлар

6.2.1 Үш қабатты үйлердегі жертөле қабаты мен цокольдық қабаттан сыртқа шығаберістің тұрғын бөліктегі баспалдақ торымен жанасуына рұсат етілмейді.

6.2.2 Тұрғын бөлменің астына электр қалқанды орналастыруға жол берілмейді. Электр қалқанмен іргелес (жоспарда) орналасқан тұрғын бөлмелер үшін электр магниттік сәулеленуден қорғау қарастырылады.

6.2.3 Еденасты қойма мен жерқойма жеке жерасты құрылыстарда немесе үйдің жертөле бөлігінің үй-жайында орналастырылады.

6.2.4 Үй қанатын атмосфералық жауын-шашыннан қорғауға арналған күнқағар немесе басқа да құрылғылар орнатылады.

6.2.5 Тегістеме деңгейінен төмен орналасқан ойықтың төменгі жағындағы белгісі бар және сыртында орналасатын терезелер мен кіреберістердің жаңасшұңқырлары су бұрушы борттармен жабдықталады.

6.2.6 Негізгі кіреберістің күнқағарының алаңшасына шығатын тұрғын үйлердегі сыртқы баспалдақ рұқсат етілетін еңіспен жобаланады.

6.2.7 Сатылардың, алаңшалардың көлденең беттерінде және үй қанаты пандусының еңіс беттерінде кедір-бұдыр жабынмен жабдықталады. Зертас тақтаны және табиғи тастан жасалған жылтыратылған (тегістелген) тақталарды қолдануға тыйым салынады. Алаңдар мен сатыларды табиғи таспен жасағанда жылулық өңдеуден өткен қатты жыныстар таңдалады. Сатылардың плиткалары бүтін болуын қарастырады.

6.2.8 Тікелей жылытылатын үй-жайға сыртқы кіреберісті орналастырған кезде тамбур қарастырылады.

6.2.9 Үйлерде шатырды орнату көзделуі тиіс.

6.2.10 Ауа тартқыш желдеткішінің жүйесі болмаған жағдайда, шатырлар мен еденасты қоймаларын желдету қарастырылады.

6.2.11 Суағар үй шатырынан ұйымдастырылады, сондай-ақ үйдің шатырларында электрмен қамтамасыз етілетін ауа желілерінің және радио мен теледидар антенналарын және тіреуіштерін орналастыру қарастырылады.

6.2.12 Дәліздерді, террасаларды немесе лоджияларды орналастыру барысында оларды үйдің негізгі үй-жайларына байланыстыру қарастырылады.

6.2.13 Жатын үй-жайларының жанында монша-кір жуу блоктарын орналастыруға жол берілмейді.

7 САНИТАРИЯЛЫҚ-ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ ТАЛАПТАРДЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

7.1 Үйлерді жобалау және құрылысын салу барысында Кодекске сәйкес бекітілген санитариялық-эпидемиологиялық нормалаудың мемлекеттік жүйесі құжаттарының (бұдан әрі – халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы нормалау құжаттары) талаптарының орындалуын қамтамасыз ететін шаралар қарастырылады.

7.2 Жылдың суық мезгілінде ауаны еріксіз беретін ауа жылыту жүйесі үйдің үй-жайларында микроклимат (температура, салыстырмалы ылғалдылық және ауаның қозғалу жылдамдығы, үй-жайдың салдарлы температурасы) параметрлерінің рұқсат етілген

мәндерінің қамтамасыз етілуіне есептелінеді. Ауа баптау жүйелерін орнатқан кезде оңтайлы параметрлер халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормалау құжаттарының және сәулет, қала құрылысы мен құрылыс саласындағы нормативтік құжаттарының талаптарына сәйкес жылдың жылы мезгілінде де қамтамасыз етіледі.

7.3 Желдету жүйесі халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы нормалау құжаттарының талаптарына сәйкес үй-жайлардағы ауа тазалығын (сапасын) және оның біркелкі келуі мен таралуын қамтамасыз ететіндей етіп жобаланады.

7.4 Табиғи желдетуді қамтамасыз ету мақсатында терезенің реттемелі ашпалы көздері, фрамугалар, клапандар және басқа да тәсілдер арқылы үй-жайды желдету мүмкіндігі қарастырылады.

7.5 Құрылыс кезінде Қазақстан Республикасының аумағында қолдануға рұқсат етілген материалдар пайдаланылады.

7.6 Инженерлік-экологиялық іздестірулер деректері бойынша топырақ газдары (радон, метан, торин) бөлінетін жер учаскелерінде үйлердің құрылысын салған кезде топырақ газдарының топырақтан үйге енуіне жол бермеу мақсатында топырақпен жанасатын еден мен жертөле қабырғаларын оқшаулау шаралары және газ шоғырлануының азаюына септігін тигізетін басқа да шаралар қолданылады.

7.7 Тұрғын үй-жайлардың сыртқы және ішкі қоршау конструкцияларын, ауа өткізгішпен құбырларды дыбыстан оқшаулау шуылдың сыртқы көздерінен, сондай-ақ халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құжаттардың талаптары бойынша рұқсат берілген деңгейден аспайтын инженерлік жүйелер жабдықтарынан шығатын шудың дыбыс қысымын азайтуды қамтамасыз ететіндей етіп жобаланады.

7.8 Тұрғын бөлмелер мен ас бөлмелерде (асханаларда) табиғи жарықтандыру қарастырылады.

7.9 Қоғамдық мақсаттағы қоса салынған үй-жайлар үшін табиғи жарықтандыру қажеттілігі және олардың көрсеткіштері халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы нормативтік құжаттар бойынша белгіленеді.

7.10 Үйді қоршау конструкцияларында жылуды оқшаулау, сыртқы суық ауаның енуінен ауаны оқшаулау және де:

1) конструкцияның ішкі беттерінде тиісті температураны және үй-жай ішінде ылғалдың жиналуының болмауын;

2) конструкцияларда ылғалдың жиналуының алдын алуды қамтамасыз ететін сыртқы үй-жайдан су булары диффузиясынан буды оқшаулау есебімен жобаланады.

7.11 Үйдің үй-жайы жауын-шашынның, қар суының, жерасты суының енуінен және судың тұрмыстық жылыстауынан қорғалады.

7.12 Үйді ауыз сумен қамтамасыз ету елді мекенді сумен жабдықтаудың орталықтандырылған желісімен қарастырылады.

Сумен жабдықтаудың орталықтандырылған желілері болмаған жағдайда, елді мекенді сумен жабдықтаудың жекеленген жерасты көздерінен алынған ауыз сумен қамтамасыз ету мүмкін.

7.13 Ауыз судың сапасы халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормалау құжаттарының талаптарына сәйкес қабылданады.

7.14 Жерүсті қабаттарда тұрғын үй-жайлар мен ас бөлмесі орналастырылады. Үй-жайдың рұқсат етілген ең төменгі биіктікке аспалы немесе жалғама төбелерді орнату әсер етпеуі тиіс.

7.15 Қатты тұрмыстық қалдықтарды жинау және оларды жою халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы нормалау құжаттарына сәйкес ұйымдастырылады.

7.16 Ағын сулар мен қатты қалдықтар аумақты және сулы деңгей жиектерін ластанмай отырып, шығарылады.

7.17 Пәтер маңындағы жер учаскесін абаттандыру кезінде сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтердің талаптарына сәйкес ағаштар мен бұтақты өсімдіктерді егу кезінде ғимараттардан, құрылыстардан, сондай-ақ инженерлік абаттандыру объектілерінен арақашықтығы сақталады.

8 ИНЖЕНЕРЛІК ЖҮЙЕЛЕР МЕН ЖАБДЫҚТАР

8.1 Бір пәтерлі үйлердің инженерлік жүйелері сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтердің талаптарын сақтау есебімен жобаланады.

8.2 Үйлердің инженерлік жүйелері микроклимат пен үйдегі жылу жайлылығы параметрінің, оның санитариялық-эпидемиологиялық сипаттамаларының, сондай-ақ осы құрылыс нормаларының талаптарына инженерлік қондырғылардың қауіпсіздік деңгейінің сәйкес келуін қамтамасыз етуі тиіс.

8.3 Үйлерде өтімді тіркейтін немесе жинақтайтын аспаптарды (есептегіштерді) орнату қарастырылады, олар:

- 1) жылумен қамтамасыз ететін орталықтандырылған жүйеде жылудың;
- 2) газдың немесе сұйық отынның;
- 3) суық және ыстық сумен қамтамасыз ету жүйелеріндегі судың;
- 4) барлық электр қабылдағыштармен пайдаланған электр энергиясының қолданған мөлшерін анықтайды.

8.4 Жасалатын құбырлар мен каналдарды қосапағандағы инженерлік жүйелердің құрылғылары мен элементтері тексеруге, техникалық қызмет көрсетуге, жөндеуге және тазалауға қолжетімді болып қарастырылатындай етіп жөнделінеді.

8.5 Осы құрылыс нормалары бір пәтерлі үйлерді сумен жабдықтауға қатысты төмендегі талаптарды белгілейді:

- 1) елді мекенді орталықтандырылған сумен жабдықтау желісінен немесе сумен жабдықтаудың жеке жерасты көзінен алынған ауыз сумен қамтамасыз ету;
- 2) қондырғыларды, арматураны, аспаптарды және сумен жабдықтау жүйесінің құрылғыларын тексеру, техникалық қызмет көрсету, жөндеу және ауыстыру үшін қолжетімді болуы.

8.6 Үйді сумен жабдықтау жүйесі сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтердің талаптарына сәйкес үйде судың талап қойылатын шығынының берілуі қамтамасыз етілетіндей жобаланады.

8.7 Үйді сумен жабдықтау жүйелерін жобалау және орнату, сондай-ақ үйден құбыр шығару, салу және аспаптарды орнату кезінде сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтің талаптары және осы құрылыс нормаларының талаптары сақталады.

8.8 Сумен жабдықтау желілерінің гидравликалық есебі, сонымен қатар полимерлік материалдардан жасалған құбырларды жобалау және монтаждау сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтердің талаптарына сәйкес іске асырылады.

8.9 Олардың жылжуы өртке немесе жарылысқа алып келуі ықтимал агрегаттар мен аспаптар (мысалы, газды су жылытқыштары) сейсмикалық ауданда құрылысы салынған үйде нық бекітіледі.

8.10 Ағын суларды ағызып жіберу үшін орталықтандырылған, жергілікті немесе жекеленген, оның ішінде күрелген, сіңіретін немесе санитариялық жеке биоөңдеуші кәріз жүйесі қарастырылады.

8.11 Бір пәтерлі үйдің кәріз жүйесі орталықтандырылған немесе топтық сыртқы желіге біріктіріледі, ал олар болмағанда бөлек орнатылады.

8.12 Кәріз жүйесінің жобалануы және орнатылуы сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтерінің талаптары бойынша іске асырылады.

8.13 Қондырғылар мен құбырлардың жұмысына төмен температураның кері әсер етуі ықтимал салдарынан қондырғылар мен құбырлар олардың әсерінен сақтандырылады.

8.14 Ағын суларды ағызу кезінде кәріздің дербес жүйесінде сүзгі қондырғылары қарастырылады.

8.15 Кәріз аймағында дәретхана, қазба шұңқырлар мен септиктер орнатуға жол берілмейді.

8.16 Кәріз жүйесіне люфт-клозеттерді немесе биодәретханаларды орнатқанда, нәжіс жиналатын және оны шығаратын сыйымдылық ыдыстары орналастырылады.

8.17 Су жыралары мен құбырларды салу кезінде жерасты суларын, төсеу орнын және топырақ түрі есептеледі.

8.18 Топырақты өңдеуге, шөгуіне және аяздан ісінуді қоса алғандағы басқа да көшуіне, сейсмикалық әсерлерге ұшыраған күрделі геологиялық жағдайдағы аудандарда үйлерді салған кезде инженерлік коммуникацияларды іске қосу негіздердің жылжу ықтималының өтемі есебімен орындалады.

8.19 Жылыту жүйесі адамдар тұрақты болатын барлық тұрғын бөлмелерде және басқа үй-жайларда микроклиматтың мөлшерленген параметрлері қамтамасыз етілетіндей етіп, жыруды таратуы тиіс.

8.20 Үйдің жылыту жүйесін жобалау үй-жайдың ауасын біркелкі жылыту, жылумен қамтамасыз ету жүйесінің гидравликалық және жылу тұрақтылығы есебімен сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтердің талаптарына сәйкес іске асырылады. Бұл ретте өрт қауіпсіздігін және жүйені пайдалану сенімділігін қамтамасыз ету шаралары қарастырылады.

8.21 Үйдің жылыту және ыстық сумен жабдықтау жүйелерін қолмен немесе автоматты түрде реттеу қарастырылады.

8.22 Еденнің су жылуын есептеуді, қажетті түрін таңдауды, сондай-ақ орнатуды оның жүктемесі есебімен жүзеге асыру ұсынылады.

8.23 Экономикалық мақсаттылық кезінде электрлік жылытуды орнатуға рұқсат етіледі.

8.24 Каминді орнату кезінде оның орналасу орны, конструкциялық ерекшелігі және үй-жайды әрлеу есепке алынады.

8.25 Түтіндіктің конструкциясы бөлініп шығатын газдың жоғарғы температурасына төзетіндей, конденсаты бар күйе қоспасына төзімді болатындай әрі өрт және пайдалану нормаларына сәйкес келетіндей етіп жобаланады.

8.26 Каминдер мұржаларына ағаш, мырышпен қапталған қаңылтыр, силикатты және қуыс кірпіш, саз сияқты материалдарды қолдануға жол берілмейді.

8.27 Түтіндік диаметрі каминдер оттығының шығаберіс саңылауының диаметріне тең болып қабылданады.

8.28 Жылыту жүйелері сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтердің талаптарына сәйкес әзірленеді, жөнделінеді және сынақталады.

8.29 Желдету жүйесі ауа алмасудың нормативтік көлемін қамтамасыз ететіндей, бірақ сонымен қатар жылу генераторларынан түтінді жою жұмыстарына кері әсер беретін үйдің ішінде ауаны сейілтуге жол берілмейтіндей етіп жобаланады.

Желдету жүйесі отынның толық жануы және үй-жайды желдетуге талап етілетін көлемде ауаның келуін қамтамасыз ететіндей жобаланады. Ауа жылу генераторына мүмкіндігінше жақын ығысады.

8.30 Ғимаратты жылумен қамтамасыз ету үшін жанудың бітеу камералары бар жылу генераторларын пайдаланғанда жанатын ауа тікелей ғимарат сыртынан ауа өткізгіш бойымен жеткізіледі.

8.31 Желдету жүйесін және ауа баптауды жобалау үшін сыртқы ауаның есептік параметрлері сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтер талаптары бойынша ескеріледі.

8.32 Үйдегі ауа алмасу бір үй-жайдан басқасына зиянды заттардың және жағымсыз иістердің таралуына (келуіне) жол берілмейтіндей етіп ұйымдастырылады.

Ауаны ас бөлмеден, дәретханадан, жуыну бөлмесінен, кептіру шкафынан, қажет болғанда - үйдің басқа үй-жайларынан жою қарастырылады.

8.33 Жануарлардың немесе жәндіктердің енуінен қорғау үшін ауа жинайтын саңылаулар, оның ішінде үй асты қоймалары мен шатырдың сыртқы қабырғаларындағы желдету жүйелері металл торлармен немесе торлармен жабылады.

8.34 Құмды боран және шаң мен құмның қарқынды таралатын аудандарында ауа жинайтын саңылаулар артынан олардың шөгуіне арналған камералар қарастырылады.

8.35 Желінің тарамдалуын қоса алғанда, электр тарту сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтердің талаптарына, оның ішінде Электр қондырғыларды орнату қағидаларына және осы құрылыс нормаларына сәйкес жүзеге асырылады.

8.36 Жылыту жүйелеріне, ыстық сумен жабдықтауға және үйді желдетуге арналған газ тұтынатын жабдықтар, сондай-ақ тамақ дайындауға арналған газ плиталары орталықтандырылған газбен жабдықтау желілеріне қосылуы тиіс. Орталықтандырылған газбен жабдықтау болмағанда, жоғарыда аталған барлық үйдің жүйелері мен олардың бөліктерін газбен қамтамасыз ете отырып, жеке баллон қондырғылары немесе сұйылтылған газ қорлары негізінде газбен жабдықтаудың дербес жүйесі жасалады.

8.37 Сұйытылған газ резервуарларын орнатқанда, учаскеде газбен жабдықтау жүйелері нысандарының қауіпсіздігіне қойылатын талаптар сақталады.

8.38 Үйді жылыту және ыстық сумен қамтамасыз ету орталықтандырылған жүйеге қосылу арқылы қамтамасыз етіледі, ал ол болмаған кезде - жылумен жабдықтаудың (жылу генераторының) жеке көзін орнату арқылы қосу қамтамасыз етіледі. Үйді жылумен қамтамасыз ету жүйесіне үй алдындағы учаскеде орналасқан есік алды құрылысының жылыту жүйелерін қосуға болады.

8.39 Жеке жылу пункттері, бір пәтерлі үйлердің орталықтандырылған жылумен жабдықтау көздеріне сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтердің талаптарына сәйкес жабдыкталады. Жылумен қамтамасыз ету жүйесінде үйді жылыту және желдету жүйесінде жылу тасымалдағыштың температурасы мен қысымы сәйкес келгенде, оларды тәуелді сызба бойынша жылу желісіне қосуға жол беріледі. Үйдің алдындағы учаскедегі жылу желісі жөндеуге қолжетімді болып көзделеді.

8.40 Жеке жылу генераторларының талап етілетін өнімділігі жылыту жүйесіне (қажет болғанда – сондай-ақ желдету жүйесіне) келетін өндірілетін жылу көлемі сыртқы ауаның есептік параметрлерінде үйдегі ауаның оңтайлы (жайлы) параметрлері жеткілікті түрде ұсталатындай, ыстық сумен жабдықтау жүйесіне келетін жылу көлемі осы жүйеге ең көп есептелген жүктемеде ыстық судың белгіленген температурасы жеткілікті түрде ұсталатындай белгіленеді.

8.41 Зауытта өндірілген жылу генераторлары қауіпсіздік талаптарын және өндіруші зауыт кәсіпорнының нұсқаулығында көрсетілген сақтық шараларды сақтай отырып орнатылады.

8.42 Үйді газбен жабдықтау жүйелерін жобалау және орнату келесі негізгі талаптарға сәйкес жүзеге асырылады:

- 1) тиісті көлемде және қажетті параметрлерде газды жеткізу;

2) газ құбырларының ішкі диаметрлері газ тұтынудың ең жоғары сағаттарында барлық тұтынушыларға газ беруді қамтамасыз ету жағдайын есептеумен анықталады;

3) газ құбырларының беріктігінің есебі құбыр қабырғаларының қалыңдығын және қосылатын бөлшектерді және оның ішіндегі кернеулерді анықтауды қамтиды.

9 ХАЛЫҚТЫҢ ЖҮРІП-ТҰРУЫ ШЕКТЕУЛІ ТОПТАРЫНЫҢ ҚОЛЖЕТІМДІЛІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУГЕ ҚАТЫСТЫ ТАЛАПТАР

9.1 Жобалау кезеңінде, қажетті жағдайда халықтың жүріп-тұруы шектеулі топтарына бір пәтерлі тұрғын үйлердің қолжетімділігін қамтамасыз ету кезінде пандустар, учаскеде жолдардың қажетті габариттері, есіктердің, тамбурлердің, дәліздер мен асүйлердің, тұрғын және жалпы бөлмелердің тиісті өлшемдері, сонымен қатар сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтердің талаптарына сәйкес жуынатын бөлмелері қарастырылады.

9.2 Қажет болған жағдайда баспалдақтар пандустармен немесе көтерме құрылғылармен қосарланады.

9.3 Биіктік деңгейінің айырмасы кезінде барлық жүретін жолдар пандустармен құралдандырылады.

9.4 Есіктер халықтың жүріп-тұруы шектеулі топтарына ыңғайлы және қауіпсіз болып орнатылады.

9.5 Халықтың жүріп-тұруы шектеулі топтарына арналған дәретханаларда, ванна бөлмелерінде, құлап қалған адамды құтқару кезінде, есікті кедергісіз ашуға болатындай етіп, есіктер сыртқа қарай ашылатын болып орнатылады.

9.6 Халықтың жүріп-тұруы шектеулі топтарына арналған жуынатын бөлмелерде тұтқа ұстағыштар ойластырылады. Тұтқалар үй-жайдың әрбір учаскесінде адамдардың сүйену мүмкіндігі болатындай болжанады.

9.7 Тұтқалар конструкциясын жарақаттануға немесе қол ұшы тигенде ілініп кетуге мүмкіндік беретін шығыңқы элементтерінсіз орындалады. Тұтқаны ұстайтын бетті элементпен немесе кедергілермен жабуға жол берілмейді.

9.8 Кресло-арбада қозғалатын мүгедектігі бар адамдарға арналған тұрғын үйлердегі санитариялық тораптар мүгедектігі бар адамдарға санитариялық аспаптарды өздігінен қолдануға көмектесетін керек-жарақтармен құралданады.

9.9 Бірінші қабат деңгейінде кресло-арба арқылы қозғалатын, мүгедектігі бар адамдары бар отбасыларына бір пәтерлі тұрғын үйлерді жобалау барысында, тікелей үй алдындағы аумаққа шығатындай мүмкіндік қарастырылады.

9.10 Тұрғын жайларды жобалау кезінде тұрушылардың басқа санаттарының қажеттігін ескеру қажеттілігі кезінде оларды кезекті қайта жарақтау мүмкіндігі көзделеді.

10 ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ

10.1 Жер учаскесінің аумағында жасыл көшеттерді отырғызу көзделеді.

10.2 Аумақты және су деңгейі жиектерін ластауды болдырмау үшін қалдықтарды уақытында қайта кәдеге жарату жолымен сарқынды суларды тазалау және залалсыздандыру іс-шаралары жүзеге асырылады.

10.3 Тік жоспарлауды ұйымдастырған кезде қар еру мен нөсер болу және топырақ қабатын шаятын ағын сулардың пайда болу кезеңінде жер бедерінің төменгі қабаттарында су шоғырының пайда болуына жол бермейтін жерүсті су бұру құрылғыларын орнату қарастырылады.

10.4 Конструкцияның құрылыс материалдары мен элементтері ауаға, су мен топыраққа рұқсат етілген шектік шоғырынан асатын көлемде химиялық заттардың бөлінбеуі, олардың беттерінде микрофлораның дамуына септігін тигізбеуі тиіс.

10.5 Үйдің құрылысын салу кезінде техниканы, жер және басқа да жұмыс түрлерін пайдаланудан қоршаған ортаға тиетін зиянды әсерді азайту шаралары жүргізіледі.

10.6 Учаске аумағында су қоймасы болған жағдайда, оның жағалау аймағы абаттандырылады.

11 ЭНЕРГИЯНЫ ҮНЕМДЕУ МЕН ТАБИҒИ РЕСУРСТАРДЫ ҰТЫМДЫ ПАЙДАЛАНУҒА ҚАТЫСТЫ ТАЛАПТАР

11.1 Энергия тұтынуды үнемдеу

11.1.1 Үйді жобалаған кезінде заманауи энергияны үнемдейтін технологиялар мен жоғары тиімді жылуды оқшаулау материалдарын қолдану мүмкіндігі есепке алынады.

11.1.2 Энергияны үнемдеу нормаларына қатысты талаптарды сақтау, үйдің негізгі элементтерінің - құрылыс конструкцияларының және инженерлік жүйелерінің сипаттамалары бойынша немесе үйді жылыту энергиясының үлестік шығынының кешенді көрсеткіші бойынша бағаланады.

11.1.3 Үй энергиясы тиімділігін оның құрылыс конструкцияларының және инженерлік жүйелерінің сипаттамасы бойынша бағалау мақсатында:

1) жылу берудің келтірілген кедергісінің және қоршау конструкциясының ауа өткізгіштігінің қолданыстағы нормативтік құжаттарға сәйкес талап етілген деңгейден төмен болмауы;

2) жылыту, желдету, ауа баптау және ыстық сумен жабдықтау жүйелерінде қолмен реттеу немесе автоматты реттегіштің болуы;

3) орталықтандырылған жабдықтау кезінде үйдің инженерлік жүйелері жылу энергиясын, суық және ыстық суды, электр энергиясы мен газ есептеу аспаптарымен жабдықталуы шарттарының сақталуы талап етіледі.

11.1.4 Үйді және іргелес аумақты жарықтандыру үшін энергияны барынша аз тұтыну қамтамасыз етіледі.

11.1.5 Энергия үнемдеу және жылудың шығынын азайту үшін электр жылытуды орнату барысында заманауи реттеу жүйелерімен құралдар орнатылады.

11.1.6 Үйдің құрылысын салу кезінде қоршау конструкциялары арқылы жылу шығынын азайту мақсатында тиімді жылылықты сақтайтын материалдар пайдаланылады.

11.2 Табиғи ресурстарды тиімді пайдалану

11.2.1 Бір пәтерлі тұрғын үйді жобалау және оның құрылысын салу үй-жайдың ішкі микроклиматына және өмір сүрудің басқа да жағдайларына қойылатын белгіленген талаптарды орындау кезінде оны пайдалану барысында қайта жаңғыртылмайтын табиғи ресурстардың тиімді және үнемді шығындалуы қамтамасыз етілетіндей етіп жүзеге асырылады.

11.2.2 Үй-жайды жобалау үйдің барлық үй-жайларына күн жарығының таралуы есебімен орындалады.

11.2.3 Жер учаскесін суарған кезде су шығынын бақылауға арналған автоматты реттеу жүйесі қарастырылады.

11.2.4 Жер учаскесін жарықтандыру үшін дербес күн шырағданын пайдалануды қарастыруға жол беріледі.

11.2.5 Жер учаскесін суаруға және басқа тұрмыстық қажеттіліктерге жаңбыр суын жинау мен оны пайдалану қарастырылады.

МСЖ 91.040.30

Түйінді сөздер: бір пәтерлі тұрғын үй, блок, қабат, жерасты қабат, шатыр, тұрақ, жертөле, желдету жүйесі, жылыту, газбен жабдықтау, ас бөлмесі, блокталған ғимараттар.

СОДЕРЖАНИЕ

1 ОБЛАСТЬ ПРИМЕНЕНИЯ.....	1
2 НОРМАТИВНЫЕ ССЫЛКИ.....	1
3 ТЕРМИНЫ И ОПРЕДЕЛЕНИЯ.....	2
4 ЦЕЛИ НОРМАТИВНЫХ ТРЕБОВАНИЙ И ФУНКЦИОНАЛЬНЫЕ ТРЕБОВАНИЯ СТРОИТЕЛЬНЫХ НОРМ.....	3
4.1 Цели нормативных требований строительных норм.....	3
4.2 Функциональные требования строительных норм.....	3
5 ТРЕБОВАНИЯ К РАБОЧИМ ХАРАКТЕРИСТИКАМ ПРИ ПРОЕКТИРОВАНИИ И СТРОИТЕЛЬСТВЕ.....	4
5.1 Общие положения.....	4
5.2 Требования по несущей способности и надежности конструкций.....	4
5.3 Требования по пожарной безопасности.....	5
5.4 Требования к планировке территории.....	6
6 ОБЪЕМНО-ПЛАНИРОВОЧНЫЕ РЕШЕНИЯ.....	7
6.1 Общие положения.....	7
6.2 Вспомогательные помещения.....	8
7 ОБЕСПЕЧЕНИЕ САНИТАРНО-ЭПИДЕМИОЛОГИЧЕСКИХ ТРЕБОВАНИЙ.....	8
8 ИНЖЕНЕРНЫЕ СИСТЕМЫ И ОБОРУДОВАНИЕ.....	10
9 ТРЕБОВАНИЯ ПО ОБЕСПЕЧЕНИЮ ДОСТУПНОСТИ ДЛЯ МАЛОМОБИЛЬНЫХ ГРУПП НАСЕЛЕНИЯ.....	13
10 ОХРАНА ОКРУЖАЮЩЕЙ СРЕДЫ.....	13
11 ТРЕБОВАНИЯ ПО ЭНЕРГОСБЕРЕЖЕНИЮ И РАЦИОНАЛЬНОМУ ИСПОЛЬЗОВАНИЮ ПРИРОДНЫХ РЕСУРСОВ.....	14
11.1 Экономия энергопотребления.....	14
